



ҚАЗАҚТАРДЫҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН ӨНЕРІ / CULTURE AND
ART OF THE KAZAKHS / КУЛЬТУРА И ИСКУССТВО КАЗАХОВ

**Тоғызқұмалақ ойыны: шығу тарихы, дамуы және қазіргі
замандағы жай-күйі**

С.М. Гиззатов

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Астана, Қазақстан Республикасы
(E-mail: sayalbek@mail.ru)

ARTICLE INFO

Кілт сөздер:

тоғызқұмалақ,
рухани мәдениет,
федерация,
ЮНЕСКО, отау,
қазан, құмалақ,
«тұздық»,
«атсырау».

XҒТАР 03.29.00

DOI: [http://doi.org/
10.32523/2664-
5157-2023-1-78-97](http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-1-78-97)

АННОТАЦИЯ

Қазақ халқы сан ғасырлар бойы түрлі қиындықтарды басынан өткергендігіне қарамастан, өз мәдениетін дамытуға көп көңіл бөлді. Ата-бабаларымыз әсіресе терең логикалық ойлауды, тапқырлықты талап ететін интеллектуалдық ойындарды дамытуға басымдық жасады. Солардың бірі – «көшпелілер алгебрасы» саналатын тоғызқұмалақ ойыны.

Ұлттық ойынның дамуы мен таралуына әр тарихи кезеңнің өзіндік әсері болды. Әсіресе еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі тоғызқұмалақ ойынының әлемдік деңгейде таралуына мүмкіндік берді. Нәтижесінде тез есептеуге, стратегиялық ойлауға негізделген ұлттық ойын 2020 жылы халықаралық ЮНЕСКО ұйымының Адамзаттың материалдық емес мәдени мұраларының репрезентативтік тізіміне енді. Сондықтан ұсынылып отырған мақалада қазақ халқының ұлттық интеллектуалдық ойыны тоғызқұмалақтың шығу тарихы мен әр түрлі кезеңдердегі даму барысы қарастырылады. Ұлттық ойын бойынша алғашқы чемпионаттың ұйымдастырылуы, республикалық және халықаралық деңгейдегі Тоғызқұмалақ Федерацияларының құрылуы, тұңғыш спорт шеберлерінің шығуы туралы өте маңызды деректер беріледі.

Ғылыми жұмыста тоғызқұмалақ ойынының ерекшелігі, жалпы құндылығы, маңыздылығы сипатталады. Сонымен қатар ұлттық ойынның қазіргі замандағы жай-күйі, халықаралық деңгейде насихатталуы да жан-жақты зерделенеді.

Зерттеу барысында ортағасырлардан бастап күні бүгінге дейін осы тақырыпты қозғаған отандық және шетелдік авторлардың еңбектері, тың архив материалдары мен мерзімді басылымдарда жарық көрген мақалалар пайдаланылды. Сондай-ақ еліміздің өңірлерінде ұйымдастырылған археологиялық және далалық экспедициялардың нәтижелері бойынша алынған деректер қолданылды.

Received 06 January 2023. Revised 16 January 2023. Accepted 26 February 2023. Available online 30 March 2023.

For citation:

Gizatov S.M. The Togyzkumalak game: origin, development and current state // Turkic Studies Journal. – 2023. – Vol. 5. – No. 1. – P. 78-97. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-1-78-97>

Дәйексөз үшін:

Гиззатов С.М. Тоғызқұмалақ ойыны: шығу тарихы, дамуы және қазіргі замандағы жай-күйі // Turkic Studies Journal. – 2023. – Т. 5. – №1. – 78-97 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-1-78-97>



Кіріспе

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңнен бастап ұлттық тарихымыз бен мәдениетімізді жаңғыртуға ерекше көңіл бөліне бастады. Әсіресе ұлттық ойындарымызды насихаттау мақсатында кешенді іс-шаралар қолға алынды. Атқарылған ауқымды жұмыстардың нәтижесінде халықаралық ЮНЕСКО ұйымы бекіткен Адамзаттың материалдық емес мәдени мұраларының тізіміне қазақ халқының дәстүрлі күй, айтыс өнері, қазақ күресі, Наурыз мерекесі, асық ату ойыны және тағы басқа рухани мәдениеттің озық үлгілері енді. Сонымен қатар ұлттық интеллектуалдық ойынымыз тоғызқұмалақтың да 2020 жылы әлемдік мұралардың қатарын толықтырғандығын атап өткен жөн.

Тоғызқұмалақтың дүниежүзілік деңгейде мойындалуы оны ғылыми тұрғыдан толыққанды зерттеуді талап етеді. Өйткені шетелдік әдебиеттерде тоғызқұмалақ ойынын мысырлық калах, африкалық вари ойынынан шыққан деген деректер көптеп кездеседі. Ал бұған дейін жарық көрген отандық ғылыми еңбектер негізінен тоғызқұмалақты ойнауды үйретуге, оның ережелері мен қағидаларын түсіндіруге бағытталған. Сондықтан ұсынылып отырған мақаланың басты мақсаты тоғызқұмалақ зияткерлік ойынының шығу тарихын, дамуы мен қазіргі замандағы жай-күйін отандық және шетелдік еңбектер, тың архив құжаттары және далалық экспедиция материалдары негізінде зерделеу болып табылады.

Бүгінде елімізде құрылған Халықаралық Тоғызқұмалақ Федерациясы ұлттық ойыннан түрлі деңгейдегі жарыстар ұйымдастырып келеді. Мұндай ірі сайыстар халықаралық ұйымдардың, шетелдік азаматтардың тоғызқұмалақ ойынының пайда болу тарихына, қарыштап дамуына қатысты қызығушылығын тудыруда. Осы орайда әлемдегі қозғалыс ойындарының санатына кіретін тоғызқұмалақты ғылыми тұрғыдан зерттеу отандық тарих үшін өзекті тақырып болмақ.

Материалдар және зерттеу әдістері

Тоғызқұмалақ ойынын зерттеу барысында ортағасырлардан бастап күні бүгінге дейін осы тақырыпта қалам тербеген отандық және шетелдік авторлардың еңбектері, архив материалдары, мерзімді басылымдарда жарық көрген мақалалар пайдаланылды. Сонымен қатар ұлттық ойынның пайда болу уақытын зерделеуде археологиялық және далалық экспедициялардың нәтижелері маңызды рөлге ие болды.

Тақырыпты зерттеуде анализ, синтез, салыстыру секілді жалпы ғылыми әдістер қолданылды. Сонымен қатар тоғызқұмалақ ойынының шығу тарихын, ерекшеліктерін және қазіргі замандағы жай-күйін ашып көрсетуде хронологиялық, тарихи-салыстырмалылық, тарихи-жүйелілік сияқты арнайы әдістер басшылыққа алынды.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Тоғызқұмалақ ойынына қатысты алғашқы дерек әйгілі түркі ғалымы Махмұд Қашқаридың (1029-1101) «Диуани лұғат ат-түрк» («Түркі сөздерінің жинағы») еңбегінде кездеседі. Ғалым жазып қалдырған түсіндірме сөздікте жерге шұңқырлар қазып, жаңғақ

немесе соған ұқсас заттармен ойналатын «көшірме ойын» туралы құнды мәліметтер жолығады (Kaşgarlı, 2013: 490-491).

Қазақ халқы арасында тоғызқұмалақ ойынының жаппай таралуына қатысты деректерді Ресей империясының Г.С. Загряжский, А.Н. Краснов, Н.Н. Пантусов сияқты авторларының еңбектерінен кездестіреміз. Мысалы, қазақ даласына келіп, зерттеу жүргізген орыс географы, саяхатшысы Андрей Николаевич Краснов (1862-1915) өзінің 1887 жылғы «Очерк быта Семиреченских киргиз» атты еңбегінде тоғызқұмалақ ойыны туралы «Игра эта, требующая большого напряжения памяти и сметливости, любима киргизами, хотя подобно шахматной имеет лишь немногих хороших игроков», – деп жазды (Краснов, 1887: 14-15).

Тоғызқұмалақ ойынының қазақ халқы үшін маңызын сипаттап кеткен орыс ғалымдарының бірі шығыстанушы, этнограф Николай Николаевич Пантусов (1849-1909) болды. Зерттеуші «Киргизская игра тогус кумалак» атты мақаласында тоғызқұмалақ ойынының қағидалары мен ережелерін егжей-тегжейлі жаза келе, қазақтардың жылы күндері ауыл жанындағы төбелерге жиналып, ойын ойнайтындығын көрсетеді. Сонымен қатар автор өз еңбегінде тоғызқұмалақ тақтасының фотосын ұсынады (Пантусов, 1906: 249-252).

Кеңестік кезеңде тоғызқұмалақ ойынына қатысты қазақ ғалымдарының іргелі еңбектері жарық көре бастады. 1936 жылы филология ғылымдарының докторы, профессор Сәрсен Аманжоловтың «Тоғызқұмалақ» атты еңбегі жарыққа шықты. Автор алғаш болып тоғызқұмалақ ойынының ережелерін, қағидаларын қағаз бетіне түсірді. Осылайша тоғызқұмалақтан өтетін жарыстарға аса қажет мәліметтер бір кітапқа жинақталды (Аманжолов, 1936).

Ұлы Отан соғысынан кейін ел экономикасы қалпына келтіріліп, мәдени салаға көңіл бөліне бастады. 1949 жылы Михаил Гуннер мен Музафар Рахымғұловтың қазақ ұлттық спорт ойындарына қатысты жарық көрген жинағында тоғызқұмалақтан жарыс ұйымдастырудың тәртібі мен ережелері туралы мәліметтер берілді (Гуннер, Рахимгулов, 1949: 46-58). Өз кезегінде спортшы, жазушы Талап Сұлтанбеков тоғызқұмалақтың қырғыз, қарақалпақ, алтайлықтар арасында кеңінен тарағандығын алға тарта отырып, ойын атауының шығуына, ондағы қазақ үшін қасиетті саналатын жылқымен байланысты терминдерге назар аударады (Сұлтанбеков, 1967: 178-189).

Кеңестік заманда тоғызқұмалақ ойынын халық арасында кеңінен насихаттауға үлес қосқан тұлғалардың бірі Әбілда Ақшораев болды. Автор 1979 жылы жарық көрген «Тоғызқұмалақ» атты еңбегінде ойынның ережесі мен ерекшеліктерін, ойынды жазып жүру тәртібін, жүрісті есептеу жолдарын, түрлі тактикалық тәсілдерді, «тұздықтардың» атқаратын қызметін егжей-тегжейлі түсіндіріп өтті (Ақшораев, 1979: 1-204) Спорт шебері Әбілда Ақшораев еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін де тоғызқұмалақ ойынына қатысты «Тоғызқұмалақ даналығы» (Ақшораев, 2000), «60 сабақтық тоғызқұмалақ ойынының оқулығы» (Ақшораев, 2001) атты оқу-әдістемелік құралдарын жариялады.

Қазіргі таңда тоғызқұмалақ ойынын зерттеумен филология ғылымдарының кандидаты, Дүниежүзілік тоғызқұмалақ Федерациясының вице-президенті Мақсат Шотаев айналысып жүр. Автор «Таңғажайып тоғызқұмалақ» (Шотаев, 2017), «Тоғызқұмалақ ойынындағы тұздықтар тартысы» (Шотаев, 2006) және тағы да басқа

еңбектерінде ойынның шығу тарихын көне түркілік дүниетаныммен байланыстырып, тоғызқұмалақтың теориялық негіздерін жан-жақты ашып көрсетеді.

Тоғызқұмалақ ойыны шетелдік ғалымдар тарапынан да белгілі бір дәрежеде зерттелді. Америкалық Лоуренс Рус (Russ, 1984: 1-111), неміс Х. Мачатчек (Machatscheck, 1984: 76-84) және тағы басқалары өз еңбектерінде тоғызқұмалақты терең ақыл-ойды қажет ететін ойын ретінде сипаттаған.

Талдау

Тоғызқұмалақ – қазақ халқының тапқырлық пен есептеуге негізделген ұлттық интеллектуалдық ойыны. Бұл дәстүрлі ойын атауының шығуы ойын барысында қолданылатын элементтермен тікелей байланысты. Атап айтқанда, қос ойыншының әрқайсысы ойын басында 9 отауға 9 құмалақтан салынған барлығы 81 құмалаққа және 1 қазанға иелік етеді. Ұлттық ойындағы тоғыз отау мен тоғыз құмалақтың бұлайша таңдалып алынуы тегін емес. Өйткені қазақ халқы үшін «тоғыз» ұғымы ерекше қастерлі болып саналады. Тоғыз санына қатысты «Тоғыз – бұл тоқталыс, яғни жамандықтың тоқталуы», «Тоғыз жолдың торабы», «Тоғыз көзді кіреуке», «Тоғыз інген боталап», «Білгенің – бір тоғыз, білмегенің – тоқсан тоғыз» және тағы да басқа сөз тіркестері, нақыл сөздер айтылады. Осылайша түркі халықтары тоғыз санының жақсылық, қуаныш, табыс әкелетіндігіне сенген.

Ерте кезеңдерде тоғызқұмалақ ойыны барысында жеміс-жидектердің дәндері, уақ тастар, сүйектер, моншақтар және өзге де ыңғайлы заттар пайдаланылған. Ойынның мал шаруашылығымен айналысатын қоғам мүшелері арасында кеңінен тарауына байланысты «құмалақ» сөзі күнделікті қолданысқа енген. Осы орайда тоғызқұмалақ ойынының «Хан ойыны», кейде «Орда» деп аталғандығын ескерген жөн.

Тоғызқұмалақ ойынының пайда болу уақытына байланысты деректер әр түрлі. Қазақтың ұлттық ойындарын зерттеген М. Таникеев тоғызқұмалақты осыдан 8 мың жыл бұрын пайда болған (Таникеев, 1983: 165) десе, этнограф Серік Ерғали 4-5 мың жыл бұрын сол кездегі халықтардың ойнағандығын болжайды (Ерғали, 2021:). Дегенмен отандық ғалымдардың басым бөлігі тоғызқұмалақ ойыны осыдан 4 000 жыл бұрын Қазақстанның территориясында дүниеге келді деген пікірді ұстанады. Олардың қатарында тарихшы Қанат Забайұлы (Забайұлы, 2021:), филология ғылымдарының кандидаты Мақсат Шотаев (Шотаев, 2017: 5) және өзгелері бар.

Тоғызқұмалақтың пайда болу уақытына қатысты деректер шетелдік ғалымдардың еңбектерінде де кездеседі. Мысалы, неміс ғалымы Х. Мачатчек 1984 жылы Берлин қаласында жарық көрген «Stein um Stein: Exotik der Brettspiele», яғни «Тас үшін тас: тақта ойындарының экзотикалық әлемі» атты кітабында тоғызқұмалақ ойынын жергілікті тұрғындардың 4 000 жыл бұрын ойнағандығын жазған (Machatscheck, 1984:76-84).

Тоғызқұмалақ ойынының пайда болған жеріне байланысты шетелдік деректерде де бірізділік жоқ. Мысалы, ресейлік этнограф Асия Попова Монғолияның Баянөлгей аймағындағы қазақ ауылдарын аралап, тоғызқұмалақ және оған ұқсас ойындар туралы тың деректер жинады. Кейін 1977 жылы Францияда Андре Деледикпен бірге «Wari et solo le jeu de calculs africain (Вари және соло африкалық математикалық ойындары)»

еңбегін жариялап, тоғызқұмалақтың қазақтарға тиесілі екендігін, тіпті бұл ойынды Ауғанстан тұрғындарының ойнайтындығын жазды (Popova, Deledicq, 1977: 84-85)

Өз кезегінде И. Землянская «Домино, нарды, косты» атты еңбегінде тоғызқұмалақты мысырлық калах ойынынан тараған деп көрсетеді (Землянская, 2001: 187). Аламерикалық ғалым К. Скотт тоғызқұмалақты Африкадағы вари ойынының бір нұсқасы деп санайды. Ал ойынның Орта Азияға келуін ислам дінінің таралуымен байланыстырады. К. Скоттың пікірінше, жасыл желекті алқаптарда тұратын африкалықтар вари ойынында өсімдіктердің дәнегін пайдаланса, далалық және құмды аймақтарды мекендейтін, мал шаруашылығымен айналысатын азиялықтар құмалақтарды кеңінен қолданған (Scott, 2005: 21-22). Осылайша автор нақты ғылыми дәлелдер келтірместен, тоғызқұмалақтың тарихи Отаны ретінде Африканы көрсеткен.

Тарихи деректер тоғызқұмалақ ойынының ертеректе Қазақстан территориясында пайда болғандығын көрсетіп отыр. Бүгінде елімізде ұлттық ойынның пайда болуынан сыр шертетін көптеген археологиялық ескерткіштер кездеседі. Солардың бірі – Түркістан облысы Отырар ауданы Қожатоғай ауылынан 34 шақырым жерде орналасқан Дастарбасы үңгірлер кешені. Аумағы 500x300 метрді қамтитын тарихи ескерткіш неолит-ортағасырлық кезеңдерге жатады. Бұл жерде неолит-энеолит дәуірінің кремний құралдары, қола дәуірінің, ортағасырлық кезеңдердің керамикасымен бірге тоғызқұмалақ ойынының екі тақтасы анықталды (Оңтүстік Қазақстан облысы, 2007: 226-227). Ал 1970 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында осыдан 2500 жыл бұрын пайда болған қоныстарда қазба жұмыстарын жүргізген кезде әр түрлі пішіндегі дөңгелек тастар табылған. Ғалымдардың пікірінше, бұл тастар тоғызқұмалақ ойынының құмалақтары ретінде пайдаланылған.



1-сурет. Дастарбасы үңгірлер кешенінен табылған тоғызқұмалақ тақталары
Фото авторы – Сейдалы Дүйсебайұлы

Тоғызқұмалақтың тасқа қашалған 10 тақтасы 2012 жылы Абай облысы Абай ауданы Медеу ауылының маңындағы Қозыбағар қыстауынан табылды. Олардың ішінде тек 5 тақтасы ғана ойынға жарамды болса, қалғандарының шұңғымалары ашық аспан астында жатуына байланысты жойылған.



2-сурет. Қозыбағар қыстауынан табылған тоғызқұмалақ тақталары.

Фото авторы – Павел Жуков

Ұлттық ойынға қатысты жәдігерлер Жетісу облысы Ақсу ауданы Суықсай ауылдық округіне қарасты Көксу өзенінің бойында да кездеседі. Айналада орналасқан қорымдарға қарап, тоғызқұмалақ тақтасын кейінгі ортағасырларда ойып жасалған деуге болады. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, тасқа қашалған ойын тақтасының екі жағында адам отыруға ыңғайлы, түрлі таңбалар бейнеленген екі үлкен қара тас болған (Андас, 2012: 5).



3-сурет. Көксу өзенінің бойынан табылған тоғызқұмалақ тақтасы

Фото авторы – Қажет Андас

«Көшпенділер алгебрасы» саналатын тоғызқұмалақтың тақталары еліміздегі құдықтардың басынан да табылуда. Мысалы, Маңғыстау облысы Бейнеу ауданындағы Манашысор сорынан оңтүстік-батысқа, Шаған төбешігінен солтүстік-батысқа қарай орналасқан мекенде Құлажат құдығы бар. Бұл құдықтың әйкелінде тоғызқұмалақ тақтасы қашалып салынған. Маңғыстау өңірінің құмды бөлігінде өзен-көлдердің болмауына байланысты жергілікті тұрғындар ежелден бастап құдық, шыңырау соғып, су алатын болған. Әйгілі тарихшы Геродот өз еңбегінде скиф-массагеттердің парсылармен соғысы кезінде шегініп бара жатқан кезде құдықтар мен өзге де су көздерін бітеп кеткендігін жазды (Геродот, 2002: 217). Осы орайда сақ патшайымы Томирисінің (б.з.б. 570-520) парсыларға қарсы соғыс жүргізгендігін және шайқастардың Үстіртте өткендігін атап өткен жөн.

Сондықтан Маңғыстау өңірінің халқы ежелгі кезеңнен бастап құдық соғып, оның басында тоғызқұмалақ ойнауды әдетке айналдырған.



4-сурет. Құлажат құдығы басындағы тоғызқұмалақ тақтасы

Фото авторы – Алқажан Еділхан

Тоғызқұмалақ ойынына қатысты тарихи жәдігерлер орта ғасырларда да кездеседі. Маңғыстау облысындағы Сай-Өтес станциясынан 50 шақырым жерде орналасқан Қосмола (Қостам) күмбез-тамының кіре беріс бөлігінде тоғызқұмалақтың тасқа қашалған тақтасы орналасқан. Сегіз қырлы, еңселі ескерткіш X-XII ғасырларға жатады және сол кезеңде Орталық Азияда кеңінен тараған сәулет үлгісінде салынған. Кесенедегі тоғызқұмалақ тақтасы қайта қалпына келтіру жұмыстары кезінде үйінді арасынан табылған. Діни ғибадатхананың қыпшақ дәуірінде салынғандығына қарап қыпшақ халқы арасында тоғызқұмалақ ойынының кеңінен тарағандығына көз жеткіземіз.



5-сурет. Қосмола (Қостам) күмбез-тамында орналасқан тоғызқұмалақ тақтасы
 Фото авторы – Маңғыстау облысы Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы
 «Маңғыстау мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы» ММ

Тоғызқұмалақ ойының ортағасырларда дамуына қатысты алғашқы жазба дерек әйгілі түркі ғалымы Махмұд Қашқаридың (1029-1101) «Диуани лұғат ат-түрк» («Түркі сөздерінің жинағы») еңбегінде кездеседі. Түркі тіліндегі 9000-нан астам сөзге түсіндірме жазылған жинақта «көшірме» деген ұғымға қатысты екі мысал келтіреді. Біріншісінде «көшірме ошақ», яғни бір жерден басқа орынға ауыстырылатын ошақ десе, екіншісінде «көшірме ойын», жерге шұңқырлар қазып, жаңғақ немесе соған ұқсас заттармен ойналатын ойын деген анықтама береді (Kaşgarlı, 2013: 490-491). Демек, ғалымның еңбегінен түркі халықтарының арасында қозғалысқа негізделген интеллектуалдық ойындардың кеңінен дамығандығына көз жеткіземіз.

Жартастарға тоғызқұмалақ тақтасын ойып салу үрдісі кейінгі кезеңдерде де жалғасын тапты. Жамбыл облысы Талас ауданы Қызылөуіт ауылынан 10 шақырым жерден табылған «Тоғызқұмалақ тас тақтасы» археологиялық ескерткіші соның айқын дәлелі болып табылады. XVII ғасырға жататын ескерткіш әйгілі Тәңірқазған және Бөріқазған тұрақтарының жанында орналасқан (Жамбыл облысы. 2010: 174). Жергілікті тұрғындардың дерегінше, мал бағып жүрген шаруалар жоғарыда орналасқан жарға шығып, тоғызқұмалақ ойнап, әрі төрт түлігін қарап отырған.



6-сурет. «Тоғызқұмалақ тас тақтасы» археологиялық ескерткіші
Фото авторы – ҚР МСМ Мәдениет комитеті «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік
тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК

Жоғарыда келтірілген археологиялық деректер тоғызқұмалақ ойынының Қазақстан территориясында ертеректе пайда болғандығын және тұрғындар арасында кеңінен таралғандығын көрсетеді.

Тарихи деректерден тоғызқұмалақ ойыны атауының өзгерістерге ұшырап отырғандығын байқаймыз. Мысалы, орыс этнографы, заңгері Григорий Семенович Загряжский 1874 жылы «Туркестанские ведомости» газетінің бірнеше нөмірінде «Быт кочевого

населения долин Чу и Сыр-Дарьи» атты көлемді мақаласын жариялап, аталмыш мерзімді басылымның 29-санында тоғызқұмалақ ойынына қатысты «Тогуз-ад (казахская игра)» деген атаумен қысқаша сипаттама береді. Осылайша этнографтың аталмыш еңбегінен тоғызқұмалақтың халық арасында «тоғыз ат» деп те аталғандығы белгілі болып отыр (Загряжский, 1874: 217).

Жаңа заманда күнделікті үй ішінде ойын ойнау мақсатында ағаштан жасалған тоғызқұмалақ тақталарының жаппай қолданыста болғандығын байқаймыз. Қарастырылып отырған кезеңде тоғызқұмалақ ойынын халық арасында насихаттауда ұлт зиялылары мен ағартушылары ерекше еңбек сіңірді. Мысалы, ақын, ағартушы А. Құнанбайұлы (1845-1904) тоғызқұмалақ ойынын құмартып ойнап, Семей өңірі Шыңғыстау мен Қарқаралы жеріндегі тоғызқұмалақшылар арасында сайыстар ұйымдастырып тұрған. Бізге жеткен ақынның тоғызқұмалақ тақтасы бүгінде «Абайдың Жидебай-Бөрілі» музейінде сақтаулы тұр.



7-сурет. Ақын Абай Құнанбайұлының тоғызқұмалақ тақтасы
Фото авторы – «Абайдың Жидебай-Бөрілі» музейі

Ұлы Қазан төңкерісінен кейін билік басына келген большевиктер елдегі спортты дамытуға көңіл бөле бастады. 1918 жылдың аяғында бұрынғы Ресей империясының аумағында 38167 мүшесі бар 350 спорт ұйымы жұмыс жасаған болатын (ҚР ПА, 342: 50-54) Бұл алып мемлекет үшін төмен көрсеткіш болып саналды. Сондықтан 1919 жылы Мәскеу қаласында өткен дене шынықтыру және спорт, әскерге дейінгі дайындық мәселелері бойынша бірінші шақырылған Жалпыресейлік съезінің делегаттары спорттық секциялар мен клубтар санын арттыруға баса назар аударды (ҚР ПА, 2705: 53-54).

Кеңес Одағының құрылуы қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына ерекше әсер етті. Мысалы, тұрғындар қыздың қалың малын беру үшін малды базарға шығарып, ақшаға сатып жатқандай кейіп танытуға мәжбүр болды (РМЭСТА, 83: 21). Өйткені қалың мал ескіліктің сарқыншағы деп саналды.

Кеңестік идеология дәстүрлі ойындарды да өзгеріске ұшыратты. 1923 жылы жергілікті биліктің ұйымдастыруымен Қазақстанда бәйге, қыз қуу, күміс алу, жамбы ату, көкпар тарту және тағы да басқа ұлттық спорт түрлерінен жарыс ұйымдастырылды (Таникеев, 1957: 29). Ал XX ғасырдың 30-жылдарында еліміздің облыс және аудан орталықтарында спорттық секциялар мен үйірмелер ашылып, дене шынықтыру ісіне көңіл бөліне бастады. Осы кезеңде кеңестік идеологияға сай халық арасында «Колхоз-совхоз», «Бай мен кедей», «Қызыл Әскер» сияқты қозғалыс ойындары кеңінен насихатталды (Таникеев, 1957: 31).

Кеңес үкіметі тоғызқұмалақ ойынын бірден қолдай қоймады. 1938 жылы Алматы қаласында өткен республикалық колхоз спартакиадасының өзі жеңіл атлетика, нысана ату, велоспорт пен қазақ күресінен өтті. Ал тоғызқұмалақ ойыны бойынша алғашқы чемпионат Қазақстанда 1948 жылы ұйымдастырылды (Таникеев, 1957: 40). Оған Алматы, Семей және Жамбыл қалаларынан 4 ойыншы қатысқан. 1949 жылы өткен Қазақстан чемпионатында әріптік белгілеу нотациясы қолданылған.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезеңде қоғамдық-саяси ахуал күрделі күйінде қала берді. К(б)П Орталық комитеті Қазақстанда идеологиялық жұмыс жүргізуде өрескел қателіктер жіберілді деп санады. Атап айтқанда, кейбір тарихшылар мен әдебиетшілердің өз шығармаларында қазақ халқының өткенін дәріптеп, көшпелі өмір салтын насихаттап жүргендігі ашық айтылды (ҚР ПА, 100: 18). Осы орайда қарастырылып отырған кезеңде жеке бастарына қауіп-қатер төніп тұрса да, тоғызқұмалақ ойынын насихаттауда жазушы М. Әуезов, актер Қ. Қуанышбаев, Кеңес Одағының Батыры Б. Момышұлы және өзгелерінің ерекше үлес қосқандығын атап өткен жөн.

Ұлттық ойындарды дәріптеу мақсатындағы ұзақ жылдар бойы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде 1974 жылы Қазақ КСР Тоғызқұмалақ федерациясы құрылды. Арада уақыт салып 1977 жылы республикалық жарыста жеңімпаз атанған спортшыға «Қазақ КСР спорт шебері» атағы беріле бастады. Осылайша 1978 жылы қостанайлық Д. Поляков ерлер арасында алғашқы спорт шебері атанса, 1989 жылы павлодарлық Г. Қабылдинова әйелдер арасындағы спорт шебері дәрежесіне ие болды.

Тоғызқұмалақтан жиі ұйымдастырылып тұратын жарыстар ойын ережесін одан әрі жетілдіруді талап етті. 1980 жылы Федерацияның бастамасымен тоғызқұмалақ ойынының негізгі қағидаларына өзгерістер енгізіліп, 1984 жылы Қазақ КСР-інің алғашқы командалық чемпионаты ұйымдастырылды. Уақыт өте келе, тоғызқұмалақ ойынының ережелеріне жаңа өзгерістер енгізуге деген қажеттілік пайда болды. 1991 жылы білікті мамандар Б.Әзімжанов пен М.Таникеевтің бастамасымен тоғызқұмалақ ойынының қағидаларына толықтырулар мен өзгертулер енгізілді.

Тоғызқұмалақтың ерекшелігі, жалпы құндылығы, маңыздылығы. Ұлттық ойын тоғызқұмалақты екі ойыншы ойнайды. Алғашқы жүріс жасайтын ойыншыны бастаушы, ал оған қарсы тарапты қостаушы деп атайды. Әдетте бастаушы өзара келісім немесе жеребе арқылы анықталса, ресми жарыстарда ойыншылардың рейтингтік көрсеткіштері ескеріледі.

Тоғызқұмалақты 18 отадан және 2 қазаннан тұратын арнайы тақтада ойнайды. Бірақ ежелгі кезеңде және орта ғасырларда адамдар даладағы тастарды ойып, қолдан қазан, отаулар жасап, арнайы тақталар дайындаған. Сонымен қатар мал бағып, егін егіп,

диқаншылықпен айналысып жүрген шаруалар жерден шұңқыр қазып, тоғызқұмалақ ойнаған. Кейін қолөнершілер алып жүруге ыңғайлы, жиналмалы тоғызқұмалақ тақталарын жасап шығарған.

Ұлттық ойында әрбір ойыншы 9 отау, 1 қазан, 81 құмалаққа ие болады. Қазіргі таңда әрбір отауға пластмассадан жасалған дөңгелек түріндегі 9 құмалақтан салынады.



8-сурет. Қазақстан Республикасы Тоғызқұмалақ спорты Федерациясы бекіткен тоғызқұмалақ тақталары

Фото авторы – Саялбек Гиззатов

Қазақ халқы әрбір отауға ерекше атау берген. 1 отау – Арт, 2 отау – Тектұрмас, 3 отау – Ат өтпес, 4 отау – Атсыратар, 5 отау – Бел, 6 отау – Белбасар, 7 отау – Қандықақпан, 8 отау – Көкмойын, 9 отау – Маңдай деп аталады. Ал ойыншының қазаны қарсы жақта орналасады.

Бастаушы алғашқы жүрісін бастағанда, өзі қалаған отаудағы 9 құмалақты алып, біреуін сол отауда қалдырып, қалғандарын солдан оңға қарай бір-бірлеп таратады. Құмалақтар өз отауларынан артылып жатса, қарсыластың отауларына түседі. Егер бастаушының соңғы құмалағы қарсыластың отауына түсіп, ондағы құмалақтар санын жұп қылса, сәйкесінше сол отаудағы барлық құмалақтар бастаушының қазанына келіп түседі. Ойын кезегі қарсы тарапқа өтіп, қостаушы да өз отауларындағы құмалақтарды таратуды бастайды.

Ойын барысында ойыншы қарсы тараптың құмалақтарын ұта алса, бұл әрекет табысты немесе шабысты жүріс, ал соңғы құмалақ қарсыластың отауындағы құмалақтар санын тақ қылса немесе айналып келіп, өз отауына түссе жай немесе кезекті жүріс деп аталады. Ең бастысы, тоғызқұмалақта кемінде 82 құмалақ жинаған ойыншы жеңіске жеткен болып есептеледі.

Тоғызқұмалақ ойынының бір ерекшелігі – ойыншыларға тұздық ашу мүмкіндігінің берілуі. Мұның сыры неде? Ойын барысында отаулардағы құмалақтар саны азайып, кейбір отауларда 2 құмалақтан қалады. Осы сәтте ойыншы қарсыласының екі құмалағын үшеуге жеткізе алса, тұздық аша алады. Нәтижесінде 3 құмалақ ұтып алынып, оның

орнына тұздықты білдіретін өзге түсті құмалақ отауға белгі ретінде қойылады. Одан кейінгі жүрістерде осы отауға түскен құмалақтардың барлығы тұздық иесінің қазанына түсіп, жеңіске жету мүмкіндігін арттырады. Алайда тараптарға 9 отаудан тұздық ашуға және қарсылас ашқан отаудың реттік нөмірінен, яғни аттас отаулардан екінші ойыншының тұздық ашуына рұқсат етілмейді. Ойыншы тұздық ашу мүмкіндігі бола тұра, өзге жүрістер жасауға толық құқылы болып табылады.

Тоғызқұмалақ ойыны барысында тараптардың бірі «атсырау» жағдайына түсуі мүмкін. «Атсырау» ұғымын қазақ халқы шабыстан шаршаған, болдырған жылқыға қатысты қолданады. Тоғызқұмалақ ойынында бұл түсінік құмалағы таусылып, жүріс жасау мүмкіндігінен айырылған тарапқа қатысты айтылады. «Атсыраған» ойыншы соңғы құмалағын таратқан соң, оның қарсыласы қосымша жүріс жасап, өз отауларындағы барлық құмалақтарды қазанына салады. Содан соң әр ойыншының қазанындағы құмалақтар есептеледі. Егер «атсырау» жағдайына түскен ойыншы кемінде 82 құмалақ жинап үлгерсе – жеңіске жеткен, 81 құмалақ олжаласа – тең түскен, одан төмен жинаса – жеңіліс тапқан деп есептеледі.

Өзге классикалық зияткерлік ойындарындағыдай тоғызқұмалақта да жазып ойнау тәртібі бар. Қазақстан Республикасы Тоғызқұмалақ спорты Федерациясы бекіткен ережеге сәйкес жазып ойнаудың қысқа және толық үлгілері пайдаланылады (Тоғызқұмалақ қағидасы мен ережесі, 2015: URL. Қысқа жазу үлгісінде а) жүрістердің реттік саны; ә) жүріс жасалатын отаудың нөмірі; б) соңғы құмалақ түскен отаудың нөмірі жазылады. Мысалы: 1. 56.

Толық жазу үлгісінде а) жүрілетін отаудың нөмірі; ә) отаудағы құмалақтар саны; б) соңғы құмалақ барып түскен отаудың нөмірі; в) ондағы құмалақтар саны көрсетіледі. Ойын барысында тұздық алынған жағдайда X белгісі қойылады. Сонымен қатар жүрістердің пәрменін бағалау мақсатында да арнайы белгілер қарастырылған. Атап айтқанда, (:) табысты жүрісті, (-) жай жүрісті, леп белгісі (!) күшті жүрісті, сұрақ белгісі (?) қате жүрісті білдіреді. Мысалы:

1. 210:28
2. 76-37
3. 84:23x
4. 510:514!

Жазып ойнау әдісі ойыншыларға әрбір ойынды талдап, шеберліктерін шыңдауға, ал жарысты ұйымдастырушыларға ойынның қабылданған ережеге сәйкес әділ өтуін қадағалауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер

Еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізген кезден бастап ұлттық ойындарды жандандыруға көп көңіл бөліне бастады. Ойын ережесіне де бірқатар өзгерістер енгізілді. Егер 1990 жылға дейін елдегі біріншіліктер ерлер мен әйелдер арасында бірге өткізіліп келсе, 1991 жылдан бастап әйелдер арасында дербес чемпионаттар ұйымдастырылды.

Тоғызқұмалақ ойыны мектептерде, жоғары оқу орындарында кеңінен насихатталды. Бұл өз кезегінде ойынға қызығушылық танытқан адамдардың қатарының көбеюіне септігін тигізіп, халықаралық деңгейдегі жарыстарды ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

Осылайша 1997 жылы алғаш рет ҚР Президентінің жүлдесі үшін халықаралық жарыс ұйымдастырылды.

Тоғызқұмалақтың әлемдік деңгейде таралуы жаңа реформаларға жол ашты. Түрлі додаларда топ жарған спортшыларға «Халықаралық дәрежедегі спорт шебері» спорттық дәрежелері беріле бастады. Бұл дәрежені Қазақстанда алғаш рет ҚР жекелей чемпионатының 3 дүркін жеңімпаздары Базарбай Әзімжанов пен Айнұр Жақапбаева иеленді.

Тоғызқұмалақтың танымалдылығының артуына байланысты 2001 жылдан бастап ардагерлер, жасөспірімдер мен жастар арасындағы чемпионаттар өткізіліп келеді.

Ұлттық ойынның мән-маңызын арттыруда жеке спортшылардың рейтингін анықтау өте маңызды. 2006 жылы осы түйткілді мәселені шешу түбегейлі қолға алынды. Тоғызқұмалақ ойыншыларының жеке дәрежесін анықтауға мүмкіндік беретін рейтинг парағы 1990 жылы халықаралық дәрежедегі спорт шебері Б.Әзімжановтың ұсынысымен енгізілгенімен, бұл жұмыс кейін жүйелі жолға қойылмаған болатын. Осылайша олқылықтардың орнын толтыруға мүмкіндік пайда болды.

2006 жылы Қазақстан елінің делегациясы алғаш рет Ұлыбританияда өткен зияткерлік ойындар олимпиадасына қатысып, тоғызқұмалақ ойынын таныстырды. Кейін 2008, 2009 жылдары тоғызқұмалақ ойыны Чехияда өткен зияткерлік ойындар олимпиадасы бағдарламасына еніп, жарысқа қатысушылар марапатталды.

Тоғызқұмалақ ойынының алыс және жақын шетелдерге тарала бастауы жаңа ұйымды ашуға деген қажеттіліктің пайда болғанын көрсетті. 2008 жылы Батыс Қазақстан облысында ҚР Президентінің жүлдесі үшін өткен жарыс барысында Халықаралық Тоғызқұмалақ Федерациясы құрылды. Оның құрамына Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Монғолия, Ресей, Қытай елдерінің өкілдері кірді.

Заман талабына сай 2008 жылы наурыз айында Қазақстан Республикасы Тоғызқұмалақ федерациясының www.9kumalak.com ресми сайты ашылды. Бүгінде аталмыш сайтта тоғызқұмалақ қағидасы мен ережесі, оқу-әдістемелік құралдар, спортшылар рейтингі және тағы да басқа пайдалы материалдар орналастырылған.

XXI ғасырда әлем бойынша дәстүрлі ойындардың онлайн нұсқалары кеңінен тарала бастады. 2009 жылғы 15 қыркүйекте Арти Сандлер (Канада), Ральф Геринг (Германия) және Серік Ақтаев (Қазақстан) тоғызқұмалақты онлайн жүйеде ойнауға мүмкіндік беретін бағдарламаны жасады. Осы кезден бастап күні бүгінге дейін www.iggamecenter.com сайтында тоғызқұмалақ ойынын ойнауға болады. Бір жылдан соң тоғызқұмалақтан спорт шеберлері Серік Ақтаев, Диана Кенина және бағдарламашы Ернар Шамбаев әлем жұртшылығына тұңғыш компьютер бағдарламасын ұсынды. Бағдарлама авторлары Чехияның Прага қаласында тоғызқұмалақтан компьютерлер бағдарламалары бойынша өткен I Әлем чемпионатында (2013 жыл) жеңімпаз ретінде танылды.

Ақыл-ойдың нағыз қайнар көзі саналатын тоғызқұмалақ ойынын әлемдік деңгейде насихаттау мақсатында халықаралық деңгейдегі жарыстар ұйымдастырыла бастады. 2010 жылы 1-7 қараша аралығында Астана қаласында тоғызқұмалақтан I Әлем

чемпионаты ұйымдастырылып, оған 19 мемлекеттен 43 спортшы қатысты. Одан кейінгі кезеңде 2012 жылы 13-20 шілдеде Пардубицеде (Чехия), 2015 жылы 12-18 сәуірде Алматы қаласында (Қазақстан), 2017 жылы 3-8 қыркүйекте Астана қаласында (Қазақстан), 2019 жылы 26 сәуір-4 мамыр аралығында Анталия қаласында (Түркия), 2022 жылы 20-28 қараша Ақтөбе қаласында (Қазақстан) барлығы 6 Әлем чемпионаты оздырылды. Осы орайда 2017 жылы Қазақстанның елордасы Астана қаласында өткен IV Әлем чемпионатына дүниежүзінің АҚШ, Австрия, Ауғанстан, Антигуа және Барбуда, Әзербайжан, Ұлыбритания, Германия, Грузия, Үндістан, Камерун, Колумбия, Қазақстан, Қырғызстан, Қытай, Моңғолия, Өзбекстан, Польша, Ресей, Сирия, Тәжікстан, Түркия, Түрікменстан, Украина, Чехия, Швейцария сияқты 25 елінен 70-тен астам спортшының қатысқандығын атап өткен жөн.

Тоғызқұмалақтың әлем бойынша қарқынды дамуы оның абыройын асқақтата түсті. 2020 жылы 17 желтоқсанда Париж қаласында халықаралық ЮНЕСКО ұйымының Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі үкіметаралық комитетінің мәжілісі өтіп, тоғызқұмалақ ойыны Адамзаттың материалдық емес мәдени мұраларының репрезентативтік тізіміне енгізілді (ҚР Сыртқы істер министрлігі, 2020:).

Бүгінде Халықаралық Тоғызқұмалақ Федерациясының бастамасымен Азия чемпионаты, Еуропа чемпионаты, Әлем және Еуропа кубогі секілді ауқымды жарыстар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Сонымен қатар Қырғызстан, Литва, Монғолия, Өзбекстан, Ресей, Чехия елдерінде Тоғызқұмалақ қауымдастықтары ашылып, дәстүрлі ойынды халық арасында насихаттау бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Қорытынды

Қорыта келе, жүргізілген ғылыми зерттеулер адамзаттың озық рухани мұрасы болып саналатын тоғызқұмалақ ойынының ерте заманда Қазақстан жерінде дүниеге келіп, бірнеше даму сатысын басынан өткергендігін көрсетіп отыр. Еліміздің әр өңірінен табылған археологиялық ескерткіштер қазақ халқының үйде де, түзде де тоғызқұмалақ ойынын құмартып ойнағандығын дәлелдейді. Өз кезегінде музейлерде шоғырланған жәдігерлерден Абай Құнанбайұлы сияқты ұлы тұлғалардың да тоғызқұмалақ ойнап, оны халық арасында кеңінен насихаттағандығын байқаймыз.

Тарихи деректер кеңестік биліктің тоғызқұмалақ ойынын дамытуға бірден бел шешіп кіріспегендігін көрсетеді. Әйтсе де ұлттық ойыннан алғашқы чемпионаттың ұйымдастырылуы, Тоғызқұмалақ Федерациясының құрылуы осы Кеңес Одағы тұсында қолға алынғандығын атап өткен жөн.

Қазақ халқының ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздігіне қол жеткізуі тоғызқұмалақ ойынының қарыштап дамуына мүмкіндік берді. Ұлттық ойынға қызығушылық танытушылардың қатары еселеп артып, республикалық, халықаралық жарыстар тұрақты түрде ұйымдастырыла бастады. Халықаралық Тоғызқұмалақ Федерациясы құрылып, шетелдерде бірнеше қауымдастықтар ашылды. Ең бастысы тоғызқұмалақ ЮНЕСКО ұйымының материалдық емес мәдени мұралар тізіміне еніп, адамзат ойлап тапқан озық ойын ретінде мойындалды.

Әдебиет

- Ақшораев Ә., 1979. Тоғызқұмалақ. Алматы: Қазақстан. 204 б.
- Ақшораев Ә., 2000. Тоғызқұмалақ даналығы. Тараз: М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің баспаханасы. 226 б.
- Ақшораев Ә., 2001. 60 сабақтық тоғызқұмалақ ойынының оқулығы. Тараз. 68 б.
- Аманжолов С., 1936. Тоғызқұмалақ. Алматы. 81 б.
- Андас Қ., 2022. Омар төре қорымы. Алтын шыққан құпия үңгір. Баласазға барғанда. // «Жетісу» газеті. 6 қазан. 5 б. [электронды ресурс] - URL: <https://7-su.kz/news/cat-4/15477/> (қаралған күні: 05.01.2023).
- Геродот, 2002. История. Москва: Ладомир. 752 с.
- Гуннер М., Рахимгулов М., 1949. Краткий сборник казахских народно-национальных видов спорта. Алма-Ата: Казахское объединенное государственное издательство. 119 с.
- Ерғали С., 2021. Қазақтың коды - құмалақ емес жылқы! // «Aduyna» ақпараттық порталы [электронды ресурс] - URL: <https://aduyrna.kz/post/63574> (қаралған күні: 05.01.2023).
- Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы. Талас ауданы. 2010. Алматы. 224 б.
- Забайұлы Қ., 2021. «Тоғызқұмақ» ойынының төрт мың жылдық тарихы бар...» // «Qazaqstan tarihu» порталы [электронды ресурс] - URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/32700/> (қаралған күні: 05.01.2023).
- Загряжский Г.С., 1874. Быт кочевого населения долин Чу и Сыр-Дарьи // Газета «Туркменские ведомости, №29. С. 2-3.
- Землянская И., 2001. Домино, нарды, кости. Москва: «Вече». 354 с.
- Краснов А.Н., 1887. Очерк быта семиреченских киргиз. Санкт-Петербург: тип. А.С. Суворина. 46 с.
- Қазақстан Республикасы Президенті архиві (ҚР ПА). 708-қор. 9-тізбе. 100-іс.
- Қазақстан Республикасы Президенті архиві (ҚР ПА). 708-қор. 26-тізбе. 342-іс.
- Қазақстан Республикасы Президенті архиві (ҚР ПА). 812-қор. 1-тізбе. 2705-іс.
- Оңтүстік Қазақстан облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы. Отырар ауданы. 2007. Алматы: «Баур». 424 б.
- Пантусов Н.Н., 1906. Киргизская игра тогус кумалак. Известия Общества археологии, истории и этнографии при Казанском университете. Т. 22. Вып. 4. С. 249-252.
- Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві (РМӘСТА). 17-қор. 25-тізбе. 83-іс.
- Сұлтанбеков Т., 1967. Шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ. Алматы: Қазақстан. 220 б.
- Таникеев М., 1957. Казахские национальные виды спорта и игры. Алма-Ата: Казгосиздат. 63 с.
- Таникеев М., 1983. От байги до олимпиады. Алма-Ата: Казахстан. 206 с.
- Тоғызқұмалақ қағидасы мен ережесі. 2015. [электронды ресурс] - URL: <http://9kumalak.com/index.php/zhyldy-zhospar/509-to-uz-mala-a-idasy-men-erezhesi> (қаралған күні: 05.01.2023)
- Шотаев М., 2017. Таңғажайып тоғызқұмалақ. Астана: Республикалық «KAZBILIM» орталығы. 157 б.
- Шотаев М., Абдужаппаров Ы., 2006. Тоғызқұмалақ ойынындағы тұздықтар тартысы. Кентау: «Еркін и К-XXI». 116 б.
- ҚР Сыртқы істер министрлігінің ресми сайты, 2020. ЮНЕСКО тоғызқұмалақ ойынын адамзатқа ортақ мәдени мұра деп таныды. // [электронды ресурс] - URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/region-news/details/2676?lang=kk> (қаралған күні: 05.01.2023)
- Kaşgarlı Mahmud., 2013. Divanü lugat-it-Türk. Çeviren Besim Atalay. Birleştirmiş birinci baskı (Cilt I-II-III) 6. Bsk. Ankara: Türk Dil Kurumu. 1347 b.

Machatscheck H., 1984. Stein um Stein: Exotik der Brettspiele. Verlag Neues Leben, Berlin (Germany). P. 69 & 76-84.

Popova A., Deledicq A. 1977. Wari et Solo: Le Jeu de Calcul African. Cedec, Paris (France), 206 p.

Russ L., 1984. The Complete Mancala Games Book: How to Play the World's Oldest Board Games. Reference Publications. 111 p.

Scott K. 2005. University of Alaska / Computer Science, Anchorage (USA). P. 21-22.

Reference

Aqshoraev A., 1979. Togyzkumalaq [Togyzkumalak]. Almaty: Qazaqstan. 204 p. [in Kazakh].

Aqshoraev A., 2000. Togyzkumalaq danaligy [The wisdom of togyzkumalak]. Taraz: M.H. Dulaty atindagy Taraz memlekettik universitetinin baspahanasy. 226 p. [in Kazakh].

Aqshoraev A., 2001. 60 sabaqtiq togyzkumalaq oyinin oquligy [Textbook of the 60-lesson game togyzkumalak]. Taraz. 68 p. [in Kazakh].

Amanzholov S., 1936. Togyzkumalaq [Togyzkumalak]. Almaty. 81 p. [in Kazakh].

Andas Q., 2022. Omar tore qorimy. Altin shiqqan qupiya ungir. Balasazga barganda [Burial ground of Omar Ture. Secret cave of Golden origin. When you go to Balasaz.] Newspaper «Zhetisu». 6 october. 5 p. [Electronic resource] – Available at: <https://7-su.kz/news/cat-4/15477/> (Accessed: 05.01.2023). [In Kazakh].

Herodotus, 2002. Istoriya [History]. Moskva: Lodomir. 752 p. [in Kazakh].

Gunner M., Rahimgulov M., 1949. Kratkiy sbornik kazahskih narodno-nacional'nyh vidov sporta [A short collection of Kazakh national sports]. Alma-Ata: Kazahskoe ob»edinennoe gosudarstvennoe izdatel'stvo. 119 p. [in Kazakh].

Ergaly S., 2021. Qazaqtin kody – qumalaq emes zhilqy! [The Kazakh code is a horse that is not kumalak!] Information portal «Adyrna». [Electronic resource] – Available at: <https://adyrna.kz/post/63574> (Accessed: 05.01.2023). [in Kazakh].

Zhambyl oblysy tarih zhane madeniet eskertkishterinin zhinagy. Talas audany [Collection of historical and cultural monuments of Zhambyl region. Talas district], 2010. Almaty. 224 p. [in Kazakh].

Zabayuly Q., 2021. «Togyzkumalaq» oyuninin tort minzhildi q tarihy bar... [The togyzkumalak game has a history of four thousand years...]. Portal «Qazaqstan tarihy». [Electronic resource] – Available at: <https://e-history.kz/kz/news/show/32700/> (Accessed: 05.01.2023). [in Kazakh].

Zagriyazhskiy G.S., 1874. Byt kochevogo naseleniya dolin Chu i Syr-Dar'i [The life of the nomadic population of the Chu and Syr-Darya valleys]. Newspaper «Turkmenskie vedomosti». №29. P. 2-3. [in Kazakh].

Zemlyanskaya I., 2001. Domino, nardy, kosti [Dominoes, backgammon, dice]. Moscow: «Veche». 354 p. [in Kazakh].

Krasnov A.N., 1887. Ocherk byta semirechenskih kirgiz [An essay on the life of the Semirechensk Kirghiz]. Sankt-Petersburg: tip. A.S. Suvorina. 46 p. [in Kazakh].

Archive of the President of the Republic of Kazakhstan (AP RK). 708-fund. 9-inventory. 100-case. [in Kazakh].

Archive of the President of the Republic of Kazakhstan (AP RK). 708-fund. 26-inventory. 342-case. [in Kazakh].

Archive of the President of the Republic of Kazakhstan (AP RK). 812-fund. 1-inventory. 2705-case. [in Kazakh].

Ontustik Qazaqstan oblysy tarih zhane madeniet eskertkishterinin zhinagy. Otirar audany [Collection of historical and cultural monuments of the South Kazakhstan region. Otirar district], 2007. Almaty: «Baur». 424 p. [in Kazakh].

Pantusov N.N., 1906. Kirgizskaya igra togus kumalak [Kyrgyz game toguz kumalak], Izvestiya Obshchestva arheologii, istorii i etnografii pri Kazanskom universitete [Proceedings of the Society of Archeology, History and Ethnography at Kazan University], 22 (4). P. 249-252. [in Kazakh].

Russian state archive of socio-political history (RSASPH). 17-fund. 25-inventory. 83-case. [in Kazakh].

Sultanbekov T., 1967. Shahmat, doiby, togyzkumalaq [Chess, checkers, togyzkumalak]. Almaty: Qazaqstan. 220 p. [in Kazakh].

Tanikeev M., 1957. Kazahskie nacional'nye vidy sporta i igry [Kazakh national sports and games]. Alma-Ata: Kazgosizdat. 63 p. [in Kazakh].

Tanikeev M., 1983. Ot baigi do olimpiady [From baiga to the Olympics]. Alma-Ata: Kazakhstan. 206 p. [in Kazakh].

Togyzkumalaq qagidasy men erezhesi [Rules and regulations of togyzkumalak]. 2015. [Electronic resource] – Available at: <http://9kumalak.com/index.php/zhyldy-zhospar/509-to-yz-mala-a-idasy-men-erezhesi> (Accessed: 05.01.2023). [in Kazakh].

Shotaev M., 2017. Tangazhayip togyzkumalaq [Amazing togyzkumalak]. Astana: Respublikaliq «KAZBILIM» ortaligy. 157 p. [in Kazakh].

Shotaev M., Abduzhapparov I., 2006. Togyzkumalaq oyuninindagy tuzdiktart tartisy [Sauce fight in togyzkumalak game]. Kentau: «Erkin I K-XXI». 116 p. [in Kazakh].

QR Sirtky ister ministriginin resmy saity [Official website of the Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan], 2020. YUNESKO togyzkumalaq oyuninin adamzatqa ortaqa madeni mura dep tanidy [UNESCO recognized togyzkumalak game as a common cultural heritage for humanity]. [Electronic resource] - Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/region-news/details/2676?lang=kk> (Accessed: 05.01.2023). [in Kazakh].

Kaşgarlı Mahmud., 2013. Divanü lugat-it-Türk. Çeviren Besim Atalay. Birleştirmiş birinci baskı (Cilt I-II-III) 6. Bsk. Ankara: Türk Dil Kurumu. 1347 p. [in Kazakh].

Machatscheck H., 1984. Stein um Stein: Exotik der Brettspiele. Verlag Neues Leben, Berlin (Germany). P. 69 & 76-84. [in Kazakh].

Popova A., Deledicq A. 1977. Wari et Solo: Le Jeu de Calcul African. Cedec, Paris (France), 206 p. [in Kazakh].

Russ L., 1984. The Complete Mancala Games Book: How to Play the World's Oldest Board Games. Reference Publications. 111 p.

Scott K., 2005. University of Alaska / Computer Science, Anchorage (USA). P. 21-22.

S.M. Gizzatov

National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan

(E-mail: sayalbek@mail.ru)

The Togyzkumalak game: origin, development and current state

Abstract. The Kazakh people, despite the fact that for many centuries they had to struggle with various difficulties, paid great attention to the development of their own culture. In particular, our

ancestors paid great attention to the development of intellectual games that require deep logical thinking and ingenuity. One of these is the Togyzkumalak game, which is considered the «algebra of the nomads».

Each historical period had its own influence on the development and spread of the national game. In particular, the attainment of independence of our country enabled the spread of the Togyzkumalak game internationally. As a result, the national game, which is based on quick calculation and strategic thinking, was included in the Representative List of the Intangible Cultural Heritage of Humanity of the international organization UNESCO in 2020. Therefore, the proposed article examines the genesis of the national intellectual Togyzkumalak game of the Kazakh people and its development at different stages. Important information is provided on the organization of the first national game championship, the establishment of the republican and international Togyzkumalak Federation, the development of the first masters of sport.

The article describes the characteristics, general value and importance of the Togyzkumalak game. The current state of the national game and its popularization at the international level are also comprehensively examined.

The works of domestic and foreign authors who have dealt with this subject from the Middle Ages to the present, as well as new archival materials and articles published in journals were consulted for the study. In addition data from archaeological investigations and field expeditions carried out in the regions of the country were used.

Keywords: togyzkumalak, spiritual culture, federation, UNESCO, отау, kazan, kumalak, «tuzdyk», «atsyrau».

С.М. Гиззатов

Национальный музей Республики Казахстан, Астана, Республика Казахстан

(E-mail: sayalbek@mail.ru)

Игра тогызкумалак: история происхождения, развитие и современное состояние

Аннотация. Казахский народ, несмотря на то, что на протяжении многих веков сталкивался с различными трудностями, большое внимание уделял развитию собственной культуры. Особенно наши предки уделяли огромное внимание развитию интеллектуальных игр, требующих глубокого логического мышления и находчивости. Одна из таких игр – тогызкумалак, которая считается «алгеброй кочевников».

Каждая эпоха оказывало свое влияние на развитие и распространение национальной игры. В частности, достижения независимого Казахстана позволили и игре тогызкумалак распространиться далеко за пределы страны. В результате национальная игра, основанная на быстром расчете, стратегическом мышлении, в 2020 году вошла в Репрезентативный список нематериального культурного наследия человечества международной организации ЮНЕСКО. В данной статье рассматривается история происхождения национальной интеллектуальной игры казахского народа тогызкумалак и ее развитие на разных исторических этапах страны.

Автор приводит важные сведения об организации первого чемпионата по национальной игре, создании республиканской и международной Федерации по тогызкумалак, появлении первых мастеров спорта.

В статье описывается специфика, общая ценность, значимость игры тогызкумалак. Также всесторонне изучается современное состояние национальной игры, ее популяризация на международном уровне.

В ходе исследования были использованы труды отечественных и зарубежных авторов, освещавших эту тему, начиная со средневековья до наших дней, новые архивные материалы, статьи, изданные в периодических изданиях. Также были использованы данные, полученные по результатам археологических и полевых экспедиций, организованных в регионах страны.

Ключевые слова: тогызкумалак, духовная культура, федерация, ЮНЕСКО, отау, казан, кумалак, «туздык», «атсырау».

Автор туралы мәлімет:

Гиззатов Саялбек Махамбетұлы, тарих ғылымдарының кандидаты, ғылыми хатшы, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Тәуелсіздік даңғылы 54, Астана, Қазақстан Республикасы.
ORCID 0000-0002-9784-1812

Information about author:

Gizzatov Sayalbek Mahambetovich, Candidate of Historical Sciences, Scientific Secretary, National Museum of the Republic of Kazakhstan, 54 Tauelsizdik avenue, Astana, Republic of Kazakhstan.
ORCID 0000-0002-9784-1812

Сведения об авторе:

Гиззатов Саялбек Махамбетович, кандидат исторических наук, ученый секретарь, Национальный музей Республики Казахстан, пр. Тәуелсіздік, 54, Астана, Республика Казахстан.
ORCID 0000-0002-9784-1812